

САРЫАҒАШ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ БІРЛЕСКЕН ТҰРАҚТЫ КОМИССИЯ ОТЫРЫСЫ ӨТТІ

Бүгін Сарыағаш аудандық мәслихатының бірлескен тұрақты комиссия отырысы өтті. Бірлескен тұрақты комиссия отырысына аудан әкімінің орынбасары, ауданның экономика және қаржы бөлімінің басшысы, қала, кент және ауылдық округ әкімдері қатысты.

Күн тәртібіне 2021 жылғы 30 желтоқсандағы №17-117-VII «2022-2024 жылдарға арналған қала, кент және ауылдық округтердің бюджеттері туралы» шешіміне өзгеріс енгізу туралы мәселесі қойылып қаралды. Күн тәртібіндегі мәселе бойынша ауданның экономика және қаржы бөлімінің басшысы қысқаша баяндама жасап, қала, кент және ауылдық округ әкімдері бюджетке енгізілген өзгерістері бойынша баяндады. Баяндамашыларға сұрақтар қойылып, тиісті ұсыныстар беріліп, Сарыағаш аудандық мәслихатының кезектен тыс 22 сессиясына жіберілді.

САРЫАҒАШ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ КЕЗЕКТЕН ТЫС 22 СЕССИЯСЫ ӨТТІ

Бүгін жетінші шақырылымдағы Сарыағаш аудандық мәслихатының кезектен тыс 22 сессиясы өтті. Сессия отырысына аудан әкімінің орынбасары, ауданның дербес бөлім басшылары, қала, кент және ауылдық округ әкімдері қатысты.

Кезектен тыс сессияда сессия шақыруға негіз болған Сарыағаш аудандық мәслихатының 2021 жылғы 30 желтоқсандағы №17-117-VII «2022-2024 жылдарға арналған қала, кент және ауылдық округтердің бюджеттері туралы» шешіміне өзгеріс енгізу туралы мәселе қаралды. Күн тәртібіндегі мәселе бойынша ауданның экономика және қаржы бөлім басшысы мен қала, кент және ауылдық округ әкімдері бюджетке енгізілген өзгерістер бойынша баяндады. Баяндамашыларға сұрақтар қойылып, тиісті ұсыныстар берілді. Сессия соңында аталған мәселе бойынша мәслихат депутаттары бірауыздан шешім қабылдады.